

АНВАР ИСМАИЛОВ АТЫНДАҒЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ



**ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕ БОЙЫНША  
ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мамандығы: 10130300– Тамақтандыруды ұйымдастыру

Біліктілігі : 3W10130302- Аспаз

Курсы: 2

Тобы: ТҮА-211/Б

Сағат саны: 108 сағат

Практика мерзімі: 07.11-17.12.2022ж

Дайындаған: Зияева В.Т.

Оқу жұмыс бағдарламасы Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжінің  
әдістемелік кеңесінде талқыланып, бекітілді

Оқу- әдістемелік кеңесі отырысында қаралды және макұлданды

Хаттама «27» 08 2022 ж.

«Жалпы кәсептік және экономика» пән бірлестігінің отырысында қаралып  
және макұлданды

Хаттама №1 «25» 08.2022ж

Пән бірлестігі төрайымы: Ж Пернебаева Ж

Ақсукент- 2022ж.

## Түсіндірме жазба

Пәннің сипаттамасы	
Педагогикалық практика	
<p><b>Мақсаты:</b> Білім алушыларды нітижеге бағытталған теориялық білімдерін бекітіп, тереңдешту, тандалған мамандық бойынша кәсіби қызметтің өзбетімен орындау үшін біліктілікпен дағдаларды игеру, білім алушыларды қоғамдық еңбекке баулу.</p> <p>Практика кезінде білім алушылардың кәсіби дағдыларын көтеру, нақты оқу орындарының жұмысы негізінде тәжірибелерін көңейту.</p>	
<p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мемлекеттік жалпыға білім берудің стандартының талаптарына сәйкес базалық кәсіби арнайы құзіреттілікті қалыптастыру.</li> <li>- машиқкелерде оқу үрдісін бақылау және оның нәтижелерін талдау біліктерін қалыптастыру;</li> <li>- Аспаздың оқу жұмысын жоспарлау жүйесі мен мазмұнын зерттеу;</li> <li>- білім алушы – машиқкерлердің аспаздықта өндірістік жұмысын ұйымдастыру іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру</li> <li>- білім алушыларды іс-тәжірибеден өту барысында құрал – жабдықтармен жабдықтау және іс – тәжірибеле басшылық жасау, олардың заманауи және техникалық технологияларын білу.</li> </ul>	
<p>Тәжірибе бойынша есеп берілген тәжірибе базасы бойынша тапсырмаларға сай безендіріледі.</p>	
Есеп құжаттары:	
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Күнделікті жинақтау</li> <li>2. Аспаздық тәжірибе бойынша жазбаша есеп</li> <li>3. Өтілген тақырыптар бойынша технологиялық карта жасау</li> <li>4. Өндірістік және кәсіптік тәжірибе бойынша күнделікті жинақтау</li> <li>5. Аспаздық іс - тәжірибеден өту, жеке күнтізбелік жоспар</li> <li>6. Құрал – жабдықтар</li> <li>7. Іс-тәжірибеле ену парағы</li> <li>8. Демонстрациялық емтихан тапсыру</li> <li>9. Технологиялық картамен жұмыс</li> <li>10. Қысқа мерзімді жоспары</li> <li>11. Іс – тәжірибе өтілген жайлы суреттер</li> </ol>	

Пәнді игеру нәтижесінде студент келесі құзіреттілік элементтеріндамытуы керек:			
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Аспаздың технологиялық рөлін</li> <li>- Болашақ аспаздың қызметке дайындығы регінде өндірістік іс-тәжірибенің мәнін түсінү</li> <li>- Өндірістік зерттеу әдістерін және құралдарды орындау пайдалану</li> <li>- Азық – туліктердің немесе шикізаттардың құрамын анықтау</li> <li>- Аспаздың өндірістік қызметінің құрылымы</li> </ul>			
Преквездиттер: мамандыққа кіріспе, аспаздық, дәстүрлі тағамдар, Еуропа тағамдары және т.б.			
<b>Жұмыс оқу жоспары бойынша оқыту уақытының көлемі (сағат саны)</b>			
Барлығы	108-сағат	Оның ішінде	
Теориялық сабактар	-	Тәжірибелік сабактар сағат	180

P/c	Өтілетін күні	Өндірістік практика бағдарламаларының тақырыптық жоспары	Сағаты	Қосымша материалдар
		<b>1.Өндірістік практика бағдарламасы</b>		
1	7.11	Температуралың және жылумен өндеу мерзімінің дайын өнім сапасына әсері	2	Техникалақ кауіпсіздік ережесі
2		Температуралың және жылумен өндеу мерзімінің дайын өнім сапасына әсері	2	Техникалақ кауіпсіздік ережесі
3		Санырауқұлақтарды, кекөністерді, жемістерді өндеу	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
4		Санырауқұлақтарға, кекөністерге, жемістерге қойылатын талыптар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
5	8.11	Кекөністен дайындалатын жартылай фабрикаттар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
6		Балық және теңіз өнімдерін өндеу	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
7		Балықтан дайындалатын жартылай фабрикаттар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
8		Балық етінен турама дайындау	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
9	9.11	Балықтан дайындалатын жартылай фабрикаттарды сақтау және тағамдық қалдықтарды пайдалану	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
10		Теңіз өнімдерін өндеу технологиясы	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
11		Балық уылдырығы	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
12		Еттің тағамдық құндылығы	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
13	10.11	Ет, субөнімдерді механикалық аспаздық өндеу	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
14		Еттен жартылай фабрикаттар дайындау	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
15		Үй қояндары және жабайы андардың ұшасын өндеу	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
16	11.11	Ет сапасына қойылатын талаптар және жартылай фабрикаттардың сақтау мерзімі	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
17		Ауылшаруашылық құстары мен жабайы қанаттыларды механикалық-аспаздық өндеу	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
18		Жылумен аспаздық өндеу технологиясы	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
19	12.11	Көжелер және олардың түрлері	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
20		Жарма, бұршак, макарон өнімдері қосылған көжелер	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы
21		Сүт, езбе, мөлдір және салқын көжелер	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы
22		Көжелер сапасына қойылатын талаптар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы
23	13.11	Соустар мен қатықтар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
24		Ботқалар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
25		Жарма және бұршак тұқымдастарынан әзірленетін тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
26		Макарон өнімдерінен даярланатын тағамдар мен гарнирлер	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
27	14.11	Кекөніс тағамдары	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.

28	Пісірілген, қуырылған және бұқтырылған көкөністерден даярланатын тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
29	Саңырауқұлақтан әзірленген тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
30	Көкөніс тағамдарының сапасына қойылатын талаптар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
31	17.11 Балық тағамдарының сапасы мен құрамы	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
32	Ет және ет өнімдерінен әзірленетін тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
33	Ірімшіктен әзірленген салқын тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
34	18.11 Ірімшіктен әзірленген ыстық тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
35	19.11 Салқын тәтті тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
36	20.11 Салқын сусындар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
37	21.11 Қамырдан даярланатын тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
38	22.11 Қазақтың ұлттық тағамдары	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
39	23.11 Қазақтың ұлттық салқын және ыстық тағамдары	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
40	24.11 Қазақтың ұлттық бірінші тағамдары	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
41	25.11 Қазақтың ұлттық екінші тағамдары	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
42	Жармадан дайындалатын ұлттық тағамдары, сүт тағамдары, нан өнімдері	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
43	Көкөністер мен саңырауқұлақтардан даярланған тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
44	Көкөніс тағамдарының сапасына қойылатын талаптар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
45	26.11 Көкөніс тағамдарының сапасына қойылатын талаптар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
46	Жартылай фабрикаттардан әзірленген тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
47	Жартылай фабрикаттардан әзірленген тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
48	Жартылай фабрикаттардан әзірленген тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
49	27.11 Ірімшіктен әзірленген салқын тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
50	Ірімшіктен әзірленген салқын тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
51	Ірімшіктен әзірленген салқын тағамдар	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
52	28.11 Ұлттық тағамдар технологиясы	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
53	29.11 Ұлттық тағамдар технологиясы	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
54	Ұлттық тағамдар технологиясы	2	Тамақ кәсіпорнының маманы. Тағам әзірлеу технологиясы.
Өндірістік оқытудың практикалық бағдарламасының сағат саны :		108	
Барлығы:		108	

## **1-тақырып.Шикізатты механикалық-аспаздық өндеу**

Көкөністерді өндеу — көкөніс тағамдарын дайындау үшін оларды алдын ала әзірлеу. Ол тәмендегі процестерден тұрады. Көкөністерді тасымалдау, қабылдау, сақтау. Жемістер зауытқа арнаулы, сыйымдылығы 16 кг-нан аспайтын ағаш қораптармен, алма, айва жемістері сыйымдылығы 400 кг болатын торлы контейнерлермен, жи欠缺тер сыйымдылығы 12 кг-та дейін болатын ағаш жәшіктермен, ал жүзім арнаулы қорабы бар автомашиналармен, көкөністер жәшікпен, контейнерлермен әкелінеді. Зауытқа әкелінген өнімдер стандарттар мен техникалық жағдайлар талаптарына сай болуы керек.

## **2-тақырып.Түйнекжемістілерді кескіндеу**

Көкөніс — тамаққа қолданылатын бақша жемістері мен көктөр (кияр, сәбіз, қызанақ, қызылша, т.б.). Барлық көкөністер, негізінен, мынадай топтарға бөлінеді: тамыржемістілер — тарна, асханалық қызылша, сәбіз, ақжелек түйнегі, ботташық, шалқан, тұрып, шомыр, балдыркөк түйнегі; жапырақтылар — қырыққабат, салаттар, саумалкөк, аскөк, жапырақты және сағақты балдыркөк, жапырақты ақжелек, рауғаш, қымыздық; жемістілер — томаттар, баялдылар, тәттібұрыш, ащыбұрыш, кияр, қарбыз, қауын, асқабақ, кәді, самсарла р, гүлді қырыққабат, бұршак, лобия, атбас бұршак, қант жүгерісі; баданалылар (тамаққа басы мен жапырағы пайдаланылады) — шалқан пияз, сарымсак, порей, батун пияздары, шнитт пиязы. Картоп пен хош иісті дәмді көкөністер: анис, кориандр, кресс салат, тмин, жалбыз, майоран кияр шөбі, эстрагон. Көкөністер — бағалы тағам.

## **3- тақырып.Саңырауқұлақтарды, көкөністерді, жемістерді өндеу**

Саңырауқұлақтарда ақуыздар, майлар, қант, минералдар, А, С, В, РР және В тобындағы дәрумендер бар, олар экстрактивті заттарға бай, сондықтан олар жақсы дәм мен хош иіске ие, олар сорпа мен тұздықты дайындау үшін кеңінен қолданылады. Құрылымы бойынша жеуге болатын саңырауқұлақтар: губкалар-ақ, болетус, май, болетус; ламелалар — шампиньондар, Русса, шантереллалар, саңырауқұлақтар; морсупиалдар —морельдер, тігістер. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына саңырауқұлақтар жаңа, тұздалған, кептірілген, маринадталған келеді.

## **4- тақырып. Саңырауқұлақтарға, көкөністерге, жемістерге қойылатын талаптар**

Тазартылған шікі картопты ашық ауда сақтағанда жайлап қарайды, себебі онда тирозин амин қышқылы болады, ол аудады оттек пен полифенилоксидаз ферменті әсерінен тотығады да, басқа химиялық зат мелининге (қара түсті) айналып кетеді. Өндөлген көкөністер өздерінің сапасы жағынан техникалық талапқа жауап беруі тиіс. Тазартылған картоп түйнегі таза, серпімді, қара дақсыз, көздер мен қабықша қалдықтары болмауы қажет.

## **5- тақырып.Көкөністен дайындалатын жартылай фабрикаттар**

Концервіленген өнімдерді пайдалану сорпаларды өндіруді жеңілдетеді, алдын ала дайындау кәсіпорындарының санитариялық жағдайын жақсартады, сондай-ақ дайындау уақытын едәуір қысқарту салдарынан олардың өнімділігін арттырады. Табиги немесе Маринатталған қызылша концервілері, қосымша жылу өндеуінсіз борщ пен қызылша сорпасын дайындау үшін қолданылады. Оны сорпаларға сондай-ақ, бұқтырылған қызылша да салады. Концервіленген борщ тұздығы кез келген борщ жасау үшін қолданылады, ол дайын болғанға дейін 10-12 минут қалғанда қосылады. Концервіленген қымыздық езбесін немесе саумалдық қоспасын қырыққабат сорпасын (ши) дайындауға қолданады.

## **6- тақырып. Балық және теңіз өнімдерін өндіу**

Балықтар қажетті қоректік өнім. Өзінің химиялық құрамы жағынан үй жануарлары еттерінен кейін тұрғанмен, минералдық заттардың, дәрумендердің, белоктардың сінімділік дәрежесі жағынан еттен әлдекайда артық. Балық белогының құрамында басқа заттармен алмастырылмайтын, адам ағзасында жас жасушалар мен ұлпаларды жасап отыратын аминқышқылдары болады. Өсімдік майы қоғамдық тамақтану мекемелері ұсынатын өнімдердің маңызды көзі болып табылады. Адам ағзасына қажетті азықта май қышқылдары маңызды рөл атқарады. Салқын тіске басарлар мен тағамдарды әзірлеуде өсімдік майының биологиялық құндылығы төмендемейді. Май сүйық болғандықтан тағамда кез-келген өніммен араласып, сіңіп кетеді.

## **7- тақырып. Балықтан дайындалатын жартылай фабрикаттар**

Мөлшеріне қарай балық жартылай фабрикаттары: ірі (тұтас балық), сыбага және ұсақ кесектерге (қамырдағы балық, ащы сорпа, т.б. дайындау үшін) бөлінеді. Пайдалануына қарай: пісіру үшін, бұқтырып көбейту үшін, негізгі әдіспен қуыру үшін, орама дайындау үшін деп бөлінеді. Сүйек қаңқасы кейбір балық түрлерінің терісі қою түсті және дәмі жағымсыз, сондықтан олардың механикалық аспаздық өнделуі біршама өзгереді. Мұндай балықтарға: нәлім, жылан балық, жайын, новага, линь, зубатка, белуга жатады. Кейбір мұхит және теңіз балықтарын, мысалы камбаланы қайта өндейді. Балықтарды өндіу ерекшеліктері олардың құрысының ерекшеліктеріне байланысты.

## **8- тақырып. Балық етінен турама дайындау**

Турама үшін салқыннатылған балықты тұтас күйінде пайдалануды ұсынады, ал шортады тазартылған балықтың терісі жыртылып кететіндіктен, тірілей пайдаланады. Балықтың бойындағы құнарлық заттарды сақтау үшін балықты аз көлемдегі сүйиқтыққа салады. Қайнатылған балыққа қарағанда, бұқтырылған балық құнарлы болуымен қатар, дәмді болып шығады. Балық дайындалған сорпа, осы тағамдарға тұздық даярлауға пайдаланылады. Өте ұсақ және қылтығы көп, сонымен қатар өзіндік жағымсыз иісі бар, дәмсөз сорпа беретін балықты бұқтырмайды.

## **9- тақырып. Балықтан дайындалатын жартылай фабрикаттарды сақтау және тағамдық қалдықтарды пайдалану**

Балық жартылай фабрикаттарын ұзақ сақтауга болмайды. Балықта ылғал мөлшері көп болғандықтан микроорганизмдер көп дамиды (әсіресе актармалаған балықта). Төмен температуралар микроорганизмдер дамуын тежейді, сондықтан бөлшектелінген балықтар мен жартылай фабрикаттарды 0...4 °C – қа дейін 2 сағат бойы салқыннатып ары қарай сақтайды.

## **10 – тақырып. Теңіз өнімдерін өндіу технологиясы**

Балықтардан басқа теңіздер мен мұхиттарда шаян тәрізді теңіз өнімдерді және өсімдік организмдері тіршілік етеді. Олардың өкілдері омыртқасыздар, теңіз балдырлары болып табылады, олар тағамдық азықтық, техникалық және емдік құндылыққа ие. Теңіздің балық емес өнімдеріне су омыртқасыздардың түрлері: таңқы шаян, лангуст, омарлар, креветкалар, шаяндар, устрицалар, мидия, теңіз таяқшалары, кальмарлар, сегізаяқтар, трепангтар, және т.б. жатады. Теңіз өнімдерін шикі немесе қайнатылған күйінде 0-2 °C температурада 2 күннен артық сақтайды. Ұлу қабыршақтарын тірі күйінде 0-10 °C температурада ағаш жәшіктерге мұқият салып сақтайды. Өнімді 1 күннен артық қоюға болмайды. Шаяндар тірі күйінде жеткізіледі. Өнімнің бұл түрін мұлде сақтауға болмайды.

## **11- тақырып. Балық уылдырығы**

Уылдырық – құнды тамақ өнімі. Оның құрамында женіл сінетін белоктар, майлар, сонымен қатар A, D, E және В тобы витаминдер бар. Әсіресе бекіре балықтарының уылдырығы

құнды саналады, оның құрамында маңызды лецитин (1-2%) бар. Барлық уылдырықта 21-30% белок бар, май бекіре уылдырығында (13-18%), албырт уылдырығында (9-17%), ал частиковый балықтарда мүлде аз (2-4%). Қортпа балық уылдырығы ең ірі және ең құнды, бекіре уылдырығының ірлігі төменірек, ал шоқыр балықтікі ең майда болады.

#### **12- тақырып. Еттің тағамдық құндылығы**

Ет жоғары құндылыққа ие. Оның құрамында белоктар, майлар, минералды заттар, витамиnder бар. Ет белоктары (14...23%) – толық құнды белоктар. Оның құрамында адам бұлшықтарының белоктарына құрамы жағынан ұқсас амин қышқылдар бар. Жылулық өндедуден кейін олар жеңіл сінімді болады. Ет майлары (2....37%) ет талшықтары арасында орналасып, қатты консистенциялы болады. Жылулық өндеу процестері майлары балқиды да, жеңіл сінеді.

#### **13- тақырып. Ет, субөнімдерді механикалық аспаздық өндеу**

Етті механикалық аспаздық өндеу ет цехында жүргізіледі. Кәсіпорындарада бұндай цех етті сақтауға арналған сұтуу камераларының қасында және жарылай фабрикаттарды жылулық аспаздық өндеуге жіберу ынғайлы болу үшін ыстық цехтың қасында орналасады. Қуыру үшін шошқаның, қой етінің, бұзау етінің ұшасының барлық бөліктерін қолданады (қой еті мен бұзау етінен мойын ғана қолданылмайды).

#### **14- тақырып. Еттеген жартылай фабрикаттар дайындау**

Дайындау әдісіне қарай жартылай фабрикаттар табиғи, аунатылған және шабылған деп айырады. Жартылай фабрикаттарды дайындау үшін төмендегідей тәсілдер турау, жаншу, сіңірлерін тілу (кесу), аунату, дәмдендіру. Мал етінің сапасын, тұтынуға жарамдылығын арнайы органолептикалық орталықтар мен зертханада түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы анықтайды. Қоғамдық тұтынуға ұсынылған мал еті балғын, таза болуы шарт. Егер еттің жұмсақ материалы бүлінсе, қантамырлары жарылған болса, қара, қызыл дақтар мен қанталаулар болса өнім тұтынуға жарамсыз болып табылады. Салқындалылған еттің түрі ашық қызыл немесе қызғылт түсті (әр малдың түрі өзіндік түске ие), күрғак, кесілген, тілік жасалған жері аздаپ сулы, еттің мөлдір шырышы көрініп тұруы керек. Өнімнің құрамын нығыз, жұмсақ, саусақпен басқанда кішкене ұяшық сияқты із түсіп, қайта орнына тез келуі қажет.

#### **15- тақырып. Үй қояндары және жабайы андардың ұшасын өндеу**

Үй қояндары тамақтану кәсіпорнына терісіз, ішкі мүшелерінсіз тазартылған, бірақ өкпе – бауырымен (жүрек, бауыр, өкпе, бүйрек) келеді. Сондықтан өкпе – бауырын және қойылған ветеринарлық-сайтарлық таңбасын алып тастайды. Алдыңғы және артқы аяқтарындағы бащайларын кесіп не шауып тастайды. Одан әрі оны жуады да, тұтас түрінде пайдаланылады не бөлшектеп пайдаланылады. Бөлшектегі кездегі алынатын бөліктер жауырын, сан, алдыңғы және бел бөліктері.

#### **16- тақырып. Ет сапасына қойылатын талаптар және жартылай фабрикаттардың сақтау мерзімі**

Жартылай фабрикат кесектері бетін жел қақпаған, түсі мен иесі сапалы ет сипатына тән болуы керек. Тұрпайы сіңірлер, шеміршектер, кесек ет жұмсақтарына қан қалдықтары, сүйектер болмауы тиіс. Шошқа еттерінде май ұлпалары 30-дан астам, дәнекер ұлпалары 5-ден артық, қой мен бұзау еттерінде май мен дәнекер ұлпалары 10-дан артық болмағаны жән. Жартылай фабрикаттар 5С-тан аспайтын температурада, ірі кесектері бар қатарға орналастырылып суырғы табада 48 сағаттан артық емес уақыт, сыбага кесектері табада қырынан бір қатар 30 градуста бұрыш жасай орналасқан түрде сақталуы болуы керек.

## **17- тақырып. Ауылшаруашылық құстары мен жабайы қанаттыларды механикалық-аспаздық өндеу**

Ауылшаруашылық құстарына тауық, қаз, үйрек, мысыр тауығы, тауық және үйрек балапандары жатады. Құс еттері құрамында белоктар, минералдық заттар, майлар, экстраактивті заттар, РР, АД дәрумендері В дәрумен тобы болады. Ауылшаруашылық құстарының ет үлпалары құрылсызы ұсақ талшықты келеді. Тауықты аспаздық өндеуден өткізу оның түрі мен жасына байланысты орындалады. Үлкен үй тауықтары мен күрке тауықтың етін сорпа пісіруде жақсы дәм беретіндіктен жиі қолданады. Бройлер балапандарына қарағанда жасы үлкен тауықтың сорпасы дәмді әрі түсі жақсы болады. Қаз және үйрек етінен қайнатылған сорпаларда өзгеше ііс болады. Сондықтан оларды қышқылтым көже, ашытылған көже және ашытылған қырыққабаттан жасалған щи сорпасына пайдаланады.

## **18- тақырып. Жылумен аспаздық өндеу технологиясы**

Көпшілік тағамдарды дайындау кезінде өнімдер әр түрлі жылумен өндеу әдістеріне үшіншілік, бұл олардың жұмысаруына және адам ағзасының жақсы сініруіне септігін тигізеді. Бұдан басқа өнімдер ұнамды ііс, дім, хош ііс алады бұл адамның тамақтану кезінде сілекей және қарын сөлінің күштірек бөлінуін тездетеуді.

## **19- тақырып. Көжелер және олардың түрлері**

Көжелер түстік астың негізгі құрамды бөлігі. Олар сұйық (негізгі) және тығыз (гарнирлі) болып екіге бөлінеді. Сұйықтың негізі есебінде сорпа, сүт және жарма, кекөніс, жидек, квас қайнатпасулары, т.б. пайдаланылады. Көженің негізгі бөлігінде экстрактивтік, минералды заттар, органикалық қосылыстар болады. Олар сорпаға хош ііс, дәм беріп, ас қорыту бездерінің қыздырығышы болып есептелінеді.

## **20- тақырып. Жарма, бұршақ, макарон өнімдері қосылған көжелер**

Көженің бұл тобына сөк, арпа, күріш, ұнтақ жарма, сұлы жармалары, үрме бұршақ, жасымық пайдаланылады. Ұн өнімдерінен жұмыр кеспе, түтік кеспе, кеспе, оның ішінде қолдан жасалынған үй кеспесі, тілік кеспе, көже сеппелері жиынтығы, т.б. қолданылады. Бұл көжелерді сүйек-ет, құс сорпасында, саңырауқұлақ сүйендірілгенде дайындауды. Жарма көжеде қайнап тұрған сорпаға дайындалатын жарма, шала қуырылған, ұсақ текшекте туралған кекөністі салып пісіреді.

## **21- тақырып. Сүт, езбе, мөлдір және салқын көжелер**

Сүт көжелерді жаңа сауылған сүтте, сүт пен су қоспасында, қойытылған қантсыз сүтте, сүт ұнтағында дайындауды. Езбе көжелер жоғары қоректілік бағалы ас. Мөлдір көжелерді негізінен тәбет ашу үшін дайындауды. Себебі олардың құрамында көп мөлшерде экстраптивтік заттар болады, бірақ қуаттылығы онша жоғары емес. Мөлдір көжелерді мөлдір сорпадан, ал гарнирін бөлек дайындауды.

## **22- тақырып. Көжелер сапасына қойылатын талаптар**

Көжелер сапасы көпшілік жағдайда оларды сақтау әдісіне байланысты. Ұзақ мерзімге сақтау кезінде дәмі мен сыртқы түрі бұзылады. дәрумендік әсерлері төмендейді. Сондықтан дайын көжені 2 сағаттан артық мерзімге сақтауға болмайды. Ет және балық өнімдерін (көжеге қосып берілетін) сорпасымен мармитке сақтайды. Ыстық көжелерді ұсынарда ыдысты 40С градусқа дейін қыздырады. Салқын көжелер мен өнімдерді осы көжелерге қосып беретін өнімдермен бірге тоңазытқышта сақтайды.

## **23- тақырып. Соустар мен қатықтар**

Соустар дегеніміз жартылай сұйықтық консистенциясы бар, тағамды дайындау процесінде немесе дайын тамақты беру кезінде оның дәмі мен хош иісін жақсарту үшін

пайдаланылатын тағамның қосымша құрам бөлігі. Соустар көптеген ыстық және салқын тағамдарға қосымша қосылады. Олардың тағам үшін маңызы үлкен. Тұздық - бұл жартылай сұйық консистенциямен сипатталатын, тағамды дайындау кезінде қолданылатын немесе оның дәмі мен хош иісін жақсарту үшін дайын тағамға ұсынылатын тағамның қосымша компоненті.

#### **24- тақырып. Ботқалар**

Жармаларды әр түлі дәнді дақылдардан алады. Олар құрамында көмірсулар, ең бастысы крахмал, белоктар, майлар, В тобы витаминдері, минералды тұздардан тұратын құнды тамақ өнімдері. Құрамында крахмал болғандықтан, жарма тағамдары жоғары калориялы. Мысалы, сұлы жармасынан пісрілген 100г ботқа калориялығы 380 ккал, күріш және қаралымық ботқалары 350ккал.

#### **25- тақырып. Жарма және бұршақ тұқымдастарынан әзірленетін тағамдар**

Дайын сусымалы ботқада дәнектер толық ісінген, жақсы піскен, негізінен өз формаларын сақтаған және бір-біріне жабыспаған болуы керек. Дәмі мен іісі әрбір жапмаға сәйкес, ал сөк ботқасының аңы-күйдіргіш дәмі болмауы керек. Бұршақ тұқымдастарға ас бұршақ, көк бұршақ, үрме бұршақ, жасымық, бұршақтар, нут және чина жатады. Ас бұршақ тұтас, акталмаған, акталған әрі екі жартыға бөлінген турде және ас бұршақ ұны түрінде, ал көк бұршақ толық ген, құрғатылған дәнеек түрінде түседі.

#### **26- тақырып. Макарон өнімдерінен даярланатын тағамдар мен гарнирлер**

Макарон өнімдері желімtek мөлшері максималды арнайы бидай ұнынан өндіреді. Пішініне байланысты барлық макарон өнімдері тұтікшелі, жіп тәрізді, таспалы және фигураны болып бөлінеді. Оларды гарнир даярлауға, ал қайнатылып және қызартылып пісрілген түрінде жеке тағам ретінде қарастыруға болады.

#### **27-тақырып. Көкөніс тағамдары**

Көкөністерді өзіндік тағам ретінде немесе гарнир ретінде қолданады. Көкөністерден тағамдарды қайнатып, аз мөлшердегі суда пісріп, қуырып, қыздырып жібереді. Көкөністердің құрамына байланысты қайнату кезінде тұзді қосады немесе қоспайды. Көкті әртүрлі әдіспен қайнатып пісріді. Көкөніс тағамдары жеке тағам ретінде немесе гарнир ретінде қолданылуы мүмкін. Олар женіл сіңеді, көмірсулар (крахмал, клечатка, қант), белоктар (бұршақтылар), минералды тұздар, витаминдер, эфир майлары, органикалық қышқылдар көзі болып табылады.

#### **28- тақырып. Пісрілген, қуырылған және бұқтырылған көкөністерден даярланатын тағамдар**

Тағамдық құндылығын сақтау үшін қайнату және өз сөлінде пісіру тәртібін дұрыс қадағалау керек. Пісіру үшін қызылшадан басқа барлық көкөністерді қайнап жатқан суға бетін 1-2 см су жауып тұратындей етіп салады жа, қақпағын жауып қайнатады. Қызылшаны сүйк суда салады. Сәбіз, қызылша және жасыл бұршақтан басқа барлық көкөністерді тұзды суда қайнатады. Қайнатылған және пісрілген өнімдер мен тағамдарды дайындау. Бұқтырылған орамжапырақ. Сабанша туралған (ұсақтап) жас орамжапырақты қалындығы 30 см – дең артық емес етіп қазанға салады да аздап сорпа, не су, май қосады да әуелі қатты (кушті) жалында, сосын қыздыруды азайтып бұқтырады.

#### **29- тақырып. Санырауқұлақтан әзірленген тағамдар**

Тағамдар әзірлеу үшін жас, кептірілген және шала тұздалған санырауқұлақтар пайдаланылады. Жас ақ санырауқұлақты алдын ала ыстық суда ұстап жуады. Сморчкіді міндетті турде 8-10 минут пісіреді де, сүян төгеді. Сонын тағыда ыстық сумен жуады. Кепкен санырауқұлақта жақсылап жуып, 3-4 сағат мұздай суда ылғалдайды, жуады және

суда пісіріп, тағыда жуады. Шала тұздалған (маринадталған) саңырауқұлақтарды тұзды сумен (маринадтан) бөледі.

### **30- тақырып. Көкөніс тағамдарының сапасына қойылатын талаптар**

Пісірлген көкөніс формасын сақтауы керек. Картоп түйнегі аздаларында қызырып не қарайып кетпеуін қадағалау керек. Тамырсабақ өздерінің табиги түсін сақтауы тиіс. Картоп мен тамырсабақтарды көздерден, қарайған нүктелерден және шіріген бөліктегінен жақсылап тазартылғаны жақсы. Олардың консистенциясы кеуекті келеді. Пісірлген қырыққабатта буда пісірлген қырыққабат дәмі болмауы керек.

### **31- тақырып. Балық тағамдарының сапасы мен құрамы**

Ыстық балық тағамдары тамақтану кесіпорындары дайындастырын тағамдар ассортиментіде елеулі орын алады. Балықтан әзірленген тағамдарда белоктар көп болады және олар ет белогына қарағанда жақсы сінімді. Балық ет ұлпалары қабатындағы коллаген тұрақтылығы қыздырғанда нашарлайды және глютинге тез айналады.

### **32- тақырып. Ет және ет өнімдерінен әзірленетін тағамдар**

Еттен әзірленетін тағамдарды даярлау үшін жылумен өндеудің барлық түрі пайдаланылады. Осыған орай ет тағамдарын піскен, көбейтілген, қуырылған, бұқтырылған, қыздырып қақтап пісірлген деп бөледі. Жылумен өндеу процесі кезінде ет құрамындағы заттардың физикалық-химиялық өзгерістері жүреді. Қуырылған көкөністерден әзірленген тағамдар мен гарнирлер.

### **33- тақырып. Ірімшіктен әзірленген салқын тағамдар**

Ірімшектегі емдік қасиеті бар белоктардың болуы және жоғары мөлшерде минералдық заттардың болуы және жоғары мөлшерде минералдық заттардың болуы оны балалар тағамдарына, жасөспірімдер қорегіне және талғажау тағамдарына ерекше мол пайдалануды қажет етеді. Ірімшіктен тағамдар даярлау алдында оның сапасын тексереді. Сонын жарамды болса, аз мөлшерде елекten өткізіп үгеді. Көп мөлшерде үту үшін үлкен машинаны пайдаланылады.

### **34- тақырып. Ірімшіктен әзірленген ыстық тағамдар**

Пісірлген ірімшік тағамдарына вареники мен буда пісірлген пудинг жатады. Ыстық тағамдар дайындау үшін ірімшікке ас тұзын қосады. Ірімшіктен әзірленген өнімдердің жағымсыз иісі, сұйық консистенциясы, және өте анық сезілетін қышқыл дәмі болмауы тиіс. Вареникіді дайындау төмендегідей үдірістерден өтеді. Алдымен қамыр дайындалады. Оған қосатын тартым әзірленді. Одан соң вареникилерді формалайды. Дайындалған жартылай фабрикаттарды салқында ұстайды. Ең сонында пісіреді.

### **35- тақырып. Салқын тәтті тағамдар**

Тәтті тағамдар женіл сінетін көмірсулар – қанттардың көзі. Бірақ қант есебінен адамның көмірсуларға қажеттілігінің 1/3 бөлігі, ал қалған 2/3 бөлігі крахмал есебінен қанағаттануы керек. Тағам құрамында тазаланған көмірсулар көп болса, организмда майлар жиналады, содықтан бұл топ тағамдары рационда негізгі бола алмайды және әдетте десертке беріледі.

### **36- тақырып. Салқын сусындар**

Салқын сусындарға сүт, жеміс-жидек және алкогольсіз сусындар, сонымен қатар крюшондар жатады. Сүт сусындарын балмұздак және әр түрлі жеміс шырындарын қосып дайындауға болады. Сүтке балмұздак, қант, шырын қосады да, арапастырады. Тәтті тағамдар женіл сінетін көмірсулар – қанттардың көзі. Бірақ қант есебінен адамның көмірсуларға қажеттілігінің 1/3 бөлігі, ал қалған 2/3 бөлігі крахмал есебінен қанағаттануы

керек. Тағам құрамында тазаланған көмірсулар көп болса, организмде майлар жиналады, сондықтан бұл топ тағамдары рационда негізгі бола алмайды және әдетте десертке беріледі.

### **37- тақырып. Қамырдан даярланатын тағамдар**

Қамырдан даярланатын тағамдар кең тараған тағамдардың бірі. Әр түрлі пирогтар, кулибякалар, ватрушкалар, құймақтар, құймақшалар ерекше танымал. Оларды ашыған қамырдан дайындалады. Аштылмаған қамырдан дайындалатын әр түрлі пирожнылар, торттар, печеньелер де танымал. Үн тағамдары — үннан дайындалатын тағамдар. Негізінен ашымаған қамырды илеп, пішіндейді де, үн тағамдарының түрлерін жасайды. Олар суда қайнатылып пісіріледі, кейде майға қуырылады немесе пеште пісіріледі.

### **38- тақырып. Қазақтың ұлттық тағамдары**

Қазақтың ұлттық тағамдар түрлері көп. Оларды өндеудің, дайындаудың, ұсынудың көшпендерге тән өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер – өнімнің тез өнделуіне, тез пісірлуіне және астың құнарлы, сіңімді, дәмді, хош иісті болуына негізделген. Қазақтың ұлттық тағамдарын дайындауда бірінші орында ет және оның өнімдері тұрады. Қазақтың ұлттық тағамдарының ішінде еттің орны ерекше.

### **39- тақырып. Қазақтың ұлттық салқын және ыстық тағамдары**

Қазақ ұлттық дастарханына ең алдымен салқын тағамдар мен дәмтағамдар қояды. Салқын тағамдардың дәмтағамдардан айырмашылығы оның құрамына гарнир қосылуында. Салқын тағамдар мен тағамдардың ерекше дәмі болады және дайындау технологиясы күрделі. Олардың барлық жиынтық қоспаларының өзіндік формасы, түсі жағынан бір-бірінен сәйкес келуі керек.

### **40- тақырып. Қазақтың ұлттық бірінші тағамдары**

Қазақтың ұлттық сорпалары – малдың, аңың, балықтың, құстың қайнатып пісірілген етінің суға шыққан сөлі, маңызы, майы. Сорпа – қазақ ұғымында еттің ең қүшті нәрі. Сорпаның көптеген түрлері, атаулары бар. Оның кейбіреулері сорпаның қандай еттен жасалғанын көрсетсе, кейбіреулері сол сорпаның құнарлығын, дәмін көрсетеді. Бірінші тағам – адамның толық тамақтануының негізгі құрам бөлігі. Онда тамақтың сіңімділігін арттыруға қажетті асқазан сөлін бөлуге жағдай жасайтын белсенділігі жоғары заттар шоғырланған. Бірінші тағам сұйық және қою бөліктен тұрады. Сұйық бөлігі сорпа, піспе су, сұт, квас болып келсе, қою бөлігі көкөніс, жарма, жұмыркеспе, т.б. болады.

### **41- тақырып. Қазақтың ұлттық екінші тағамдары**

Қазақша асылған ет өзінің дайындалуы жағынан көшпендерлер үшін өте жеңіл әрі ыңғайлыш болып келген және қазірде солай. Сонымен қатар ол өте дәмді, хош иісті, жоғары калориялы және бір аста екі тағам біріктірілген. Ет дәмділігімен және өзінің құрамындағы адам организміне пайдалы белоктың заттармен құнды. Ұлкен тойларда, тағы басқа жиындарда мал сойылып, меймандарға табақ тартылады. Алуан турлі қуырдақ, қазақша ет, бұкли, көмбе, сырбаз секілді тағамдар дастарқанымыздың қадірін арттыра түседі. Ұлт тағамдарының негізі болып табылатын сұттің орны бөлек. Сұт тағамдарын халық бір сөзben «ақ» деп атайды. Сұттен қымыз, шұбат, қатық, малта, май, ірімшік, құрт, сұзбе, қаймақ, айран сияқты тағамдар жасаған.

### **42- тақырып. Жармадан дайындалатын ұлттық тағамдары, сұт тағамдары, нан өнімдері**

Тамақтану – адамның тіршілік етуінің ең мағызды шарттарының бірі, сол үшін әр аспаздық өзінің аспаздық өнерін дамыту үшін әртүрлі халықтардың тағамдардың дайындалап үйренуге тырысу керек. Қазақ халқы заманнан бері ішіп-жеп келе жатқан

тағамдарының бір сөк.оны тарыдан жасайды. Оны тарыдан жасайды. Қазакта ақталмаған тарыны қара тары деп атайды.

#### **43-тақырып. Қекөністер мен санырауқұлактардан даярланған тағамдар**

Тұздықтар көптеген ыстық тағамдарға қосымша болып табылады және сүйк тағамдарға. Олардың мәні-олар тағамның дәмін әртаралтандырады, оған шырынды консистенция береді, калорияны арттырады, өйткені олардың құрамында май, қаймақ, жұмыртқа, ұн және т.б. сияқты өнімдер бар. Тұздықты сорпаны дайындауда гарнир ретінде берілетін әртурлі азық-түліктерді қайнату реттілігі қарастырылады. Тұздықты сорпаларды дайындаудың технологиялық процесі мынадай операцияларды қамтиды: сорпа дайындау, гарнир дайындау, сорпада гарнирды қайнату, тұздық құю. Тұздықты дайындау үшін сорпалардың барлық түрлерін, сондай-ақ, қекөністердің, бүршақтың, дәнді дақылдардың, макарон өнімдерінің қайнатпалары қолданылады. Сорпалар алдын ала дайындалуы қажет. Сорпаның гарнирлермен үйлесімділігін ескеру қажет.

#### **44-тақырып. Қекөніс тағамдарының сапасына қойылатын талаптар**

Шикізаттар жабық аландарда немесе жақсы желдетілетін бөлмелерде немесе тоқазылатын камераларда сақталады. Әр өнімнің өзіне тон сақтау мерзімдері бар. Шикізаттарды сорттау, іріктеу жәнетексеру. Өндірістің белгілібір технологиялық режимдерін орнықтыру және өнімнің біркелкілігін сақтау мақсатында шикізаттар түсі, сорты, пісу дәрежесі бойынша сортталып, өлшемдері бойынша іріктеледі. Бұл процестер қолменнемесе машинамен жүргізіледі. Шикізаттарды жуу, тазалау, кесу және майдалау. Өте нәзік (бұлдырген, таңқурай және т.б.) жиадектер болмаса қалған шикізаттардың барлығы жуылады. Жуу кезінде шикізат сыртындағы бөгде қоспалардан басқа улы химикалар қалдықтарынан арылады. Шикізаттарды жуу, тазалау, кесу және майдалау арнаулы механизмдермен және машиналармен жүргізіледі.

#### **45-тақырып. Қекөніс тағамдарының сапасына қойылатын талаптар**

Жартылай дайын болғаншаауық – ауық араластырып қояды. Сосын шала қуырылған сәбіз, пияз, ақжелек, томат пюресін салып, лавр жапырағын, бұрыш қосып бұқтыруды жалғастырады. Бұқтыру соңында сірке суында не суда, не сорпада сұйытылған ұн шала қуырмасын, тұз, қант қосып, дайын болғанша бұқтырады. Егер бұқтырылған орамжапырақты орташа не кеш піскен сорттарынан дайындаса, онда сірке суын бұқтырудың басында қосады. Аштылған орамжапырақты пайдаланған кезде сірке суы дәмрәсім нормасынан шығарылады. Ал қант мөлшері әр сыбаға 10 г – ға дейін көбейтіледі.

#### **46-тақырып. Жартылай фабрикаттардан әзірленген тағамдар**

Ет дәмділігімен және өзінің құрамындағы адам организміне пайдалы белоктық заттармен құнды. Үлкен тойларда, тағы басқа жиындарда мал сойылып, меймандарға табақ тартылады. Алуан түрлі қуырдақ, қазақша ет, бұқпа, көмбе, сырбаз секілді тағамдар дастарқанымыздың қадірін арттыра түседі. Үлт тағамдарының негізі болып табылатын сүттің орны бөлек. Сүт тағамдарын халық бір сөзben «ақ» деп атайды. Сүттен қымыз, шұбат, қатық, малта, май, ірімшік, құрт, сұзбе, қаймақ, айран сияқты тағамдар жасаған.

#### **47-тақырып. Жартылай фабрикаттардан әзірленген тағамдар**

Олардың тағамдық мәні бойындағы тез сіңгіш заттардың, ішінана көмірсүттердің болуына байланысты қекөністерде ас қорытуға пайдалы әсерін тигізетін, адам организміне қажетті витаминдер мен минералды тұздар, сондай-ақ ақуыздар, әр түрлі органикалық қышқылдар, эфир майы мол. Мысалы, картоп — крахмалға, ал асханалық қызылша — қантқа бай; қырыққабатта С витамині, ал сәбізде — организмде Д витамині қурылатын — каротин (А провитамині)

көп; раугашта органикалық қышқылдар басым; көк бүршак акуызға; аскек — хош иісті заттарға бай. Сондықтан да тамақ құрамына көкөністерді негұрлым көп енгізіп, оларды пісірмей де, сондай-ақ әр түрлі тағамдарды дайындаған кезде де пайдалану керек. Еттен, балықтан және басқа азықтардан дайындаған тағамдарға көкөністі қосу тағамды жақсы қорытып, жаксы сінірге жәрдемдеседі.

#### **48-тақырып. Жартылай фабрикаттардан әзірленген тағамдар**

Орталық Азия халықтарында ұннан жасалған тағамдардың көптеген түрлері бар. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұн тағамдары сан алуан болып келеді. Оның ішінде ұлттық наң түрлері ерекше орын алады. Мысалы, таба наң (қамырды екі таба арасына салып, ошаққа пісіреді), тандыр наң (алдын ала қыздырылған тас немесе құм тандырға жапсырып пісірілетін наң), қазанжаппа (жарты қазанға жапсырылып, ошақтың аузына төңкөріліп, қоламтага пісіріледі). Соңғы кездері наң зауыттарында ұлттық наанның таба наң, май наң және т.б. түрлері шығарылады.

#### **49-тақырып. Ірімшіктен әзірленген салқын тағамдар**

Куыру үшін шикі көкөністер, кейбір жағдайларда алдын ала пісірілгендері пайдаланады. Құрамында тұрақсыз протопектині және жеткілікті мөлшерде ылғалы бар шикі көкөністерді қуырады. Оларға картоп, кәділер, асқабақ, қызанақтар жатады. Құрамында тұрақты протопектині бар көкөністерді алдын ала пісіреді немесе бөктіреді, ұсатады. Сосын қуырады (қызылша, сәбіз, орамжапырак). Куыру процесі кезіндеге көкөністер көп мөлшерде ылғалдан айырылады. Олардың беттеріне қабықша пайда болады. Нәтижесінде олар көкөніске ерекше дәм және хош иіс береді.

#### **50-тақырып. Ірімшіктен әзірленген салқын тағамдар**

Мал етінің сапасын, тұтынуға жарамдылығын арнайы органолептикалық орталықтар мен зертханада түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы анықтайды. Қоғамдық тұтынуға ұсынылған мал еті балғын, таза болуы шарт. Егер еттің жұмсақ материалы бүлінсе, қантамырлары жарылған болса, қара, қызыл дақтар мен қанталаулар болса өнім тұтынуға жарамсыз болып табылады. Салқындағылған еттің түрі ашық қызыл немесе қызғылт түсті (әр малдың түрі өзіндік түскे ие), құрғақ, кесілген, тілік жасалған жері аздап сулы, еттің мөлдір шырышы көрініп тұруы керек. Өнімнің құрамын нығыз, жұмсақ, саусақпен басқанда кішкене ұяшық сияқты із түсіп, қайта орнына тез келуі қажет.

#### **51-тақырып. Ірімшіктен әзірленген салқын тағамдар**

Мөлшеріне қарай балық жартылай фабрикаттар: ірі (тұтас балық), сыбаға және ұсақ кесектерге (қамырдағы балық, ащы сорпа, т.б.) дайындау үшін белінеді. Балық тез бұзылатын шикізат болғандықтан, одан жасалған жартылай дайын өнімдерді өндіруде белгілі ережелер сақталуы тиіс. Өнімнің сыртқы түрі, балықтың кесектері табиги түсті, таза, қабыршақсыз, буындары өз орнындарында болуы керек. Қабыршақсыз балықтардың сыртқы терісі шырыштан тазартылған, құрғақ болуы керек. Балықтың ішкі жағы, еті қатты, тығыз, табиги иісті болуы қажет. Өнім қара дақтарсыз, сүйегі майыспаған, зақымданбаған болуы шарт.

#### **52-тақырып. Ұлттық тағамдар технологиясы**

Кой етінен кесек еттерді, қалың және жіңішке жиектерін, артқы аяқтарының жоғарғы және ішкі бөліктерін, сондай-ақ субөнімдері мен кейбір шұжық өнімдерін қуырады. Етті ірі кесектермен (1-2 кг), порциялармен (40-270 г) және ұсақ (10-40 кг) кесектермен қуырады. Етті ірі кесекпен қуырудың жалпы ережелері. Ирі кесектермен сиыр етін, қой етін, шошқа етін, бұзау етін және торай етін қуырады.

### **53-тақырып. Ұлттық тағамдар технологиясы**

Міне осы тарыдан сөк жасалады. Ол үшін қара тарыны әбден тазалап, үлкен қазанға су құйыш қайнатады. Емдік тағам - науқасқа басқа да емдік шаралар кешенімен бірге белгіленетін тағам. Гастрит, ішкі жара аурулары, тоқ ішектің қабынуы, бауыр аурулары үшін емдеудің негізгі әдісі болып табылады. Станционарлық немесе емхана жағдайында қолданылады. Емдік тамактануды дәрігер кеңесі бойынша және оның бақылауымен жүргізіледі, өз бетімен белгіленген тұрақты диета деңсаулық үшін қолайсыз жағдайларға ұшыратуы мүмкін.

### **54-тақырып. Ұлттық тағамдар технологиясы**

Салқын тәтті тағамдардың басым көпшілігі негізінен ұн, жарма, қант қосып дайындалады. Сонымен қатар жұмыртқа, сүт, жемістер, жидектер, жаңғақтар мен түрлі дәмдік және хош иісті дәмдеуіштер қолданылады. Ыстық тәтті тағамдарды порциялық табада, үстінен жабылатын ыдыста, десерт табақтарында, креманка және т.б шығарылады. Бұл тағамдар, әсіресе дәнді және ұнды, өте құнарлы болып табылады және десерт ретінде ғана емес, сондай-ақ түскі ас және таңғы ас мәзіріне де қосуға болады.

5. Барінгер А.К., Аманжол Е.К. «Қазақор» жиынтық НПОК «Ақын Борис Бару» салынғаннан кейіннен және салынғаннан кейіннен. Астана: Ақынгер көмекшілік жағдайындағы көмекшілік КЕАК, 2015.-18861, 2007 ж. 27-беседаі КР-деңсаулық министрі Зәңгір 194-Н ҚРД, Астана,
6. С.Ж. Енбек тәжіке. 2013 ж.
7. «Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие». – Астана: Ы. Артынгер көмекшілік жиынтық НПОК «Ақын Борис Бару», 2013. – 200.
8. А.Н. Шарипов, В.И. Григорьева, «Хранение и переработка капусты и свеклы». Москва, Коломна, 1977ж.
9. «Фотоальбом овощей с описанием и рекомендациями по хранению и переработке». Н.Н. Миронова, К.М. Мурзинцева.
10. Рудников В.А. Библиографія үшіндеу және снегін. 1981.
11. Бойкоев В.Ф. Хранение и переработка овощей. М. 1986.
12. Нариков В.П., Голубев В.И. Хранение картофеля и овощей. М. 1996
13. Бирюков В.П.Библиография по технологии хранения к переработке плодов и гвоздей. М. 1985ж.

## **Қосымша көздер (әдебиеттер):**

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы.
3. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысы.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы №1751 «Кәсіпқор» холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2012 - 2021 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы» Қаулысы.
5. Бөрібеков Қ.Қ., Далябаев Ж.Қ. «Кәсіпқор» холдингі КЕАҚ жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу/әдістемелік құрал.- Астана: «Кәсіпқор» холдингі КЕАҚ, 2015.-1086.1. 2007 ж. 27-шілдедегі КР «Білім туралы» Заңы №319-ІІІ КРЗ , Астана.
6. КР Еңбек кодексі. 2015ж
7. «Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие» – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 806.
8. Е. П. Широков, В.И. Пелегаева. «Хранение и переработка плодов и овощей». Москва, Колос, 1989ж.
9. «Өсімдік шаруашылығы өнімін сақтау және өндіреу технологиясының практикумы». Ш.Қ. Мұқатова, Қ.М. Мұсанов.
10. Гудковский В.А. Жемістерді ұзақ уақыт сақтау, 1981.
11. Козлова В.Ф. Хранение и переработка овощей. М., 1986.
12. Широков Е.П., Полегаев В.И. Хранение картофеля и овощей. М. 1996
13. Широков Е.П. Практикум по технологии хранения и переработки плодов и овощей. М. 1985ж.